«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

# Кафедра: «Ішкі аурулар пропедевтикасы»

Тақырыбы: **Мөж**



Орындаған: магистрант Амангелді А.У.
Тобы: 101-18 ММО
Қабылдаған: Каф.меңгеруші, м.ғ.к.Қауызбай Ж.А.

Шымкент -2019 ж

# МАЗМҰНЫ:

- Көшбасшылық дегеніміз не? Көшбасшы деген кім?
- Дәрігердің көшбасшылық қасиеттері неден көрінуі керек?
- Қатардағы дәрігер ойнайтын көшбасшы рөлінің ерекшелігі неде?
- Көшбасшылық феноменді зерттеудегі ықтималда ұстанымның ерекшелігі неде?
- Қорытынды

# КӨШБАСШЫЛЫҚ ДЕГЕНІМІЗ НЕ? КӨШБАСШЫ ДЕГЕН КІМ?

- Ондаған жылдар бойы психологтар және басқа да көшбасшылық мәселелерді зерттеуші мамандар оған түрлі анықтамалар беруге тырысты: "топтық процестердің шоғырлануы», "адамның даралығы және оның әсер етуі», «келісімге келе білу өнері, ықпал етуді жүзеге асыру, «мінез-құлық моделі», «уағыздау формасы», «басым қатынастар» (Bass, B.M., 1990).

- Медициналық тәжірибеде қолдану үшін, көшбасшы туралы Кацтың берген анықтамасы сай келеді:
- « Біздің ойымызша көшбасшылықтың мәні мекемеде қабылданған ережелерді механикалық қолданғаннан гөрі, ықпал ету факторының басымдылығы» (Katr L Kahn, 1987).

- Бұл анықтама көшбасшылыққа байланысты айтылған идеялардың бәрін қамтиды. Көшбасшылар адамдарды артық істер жасауға ұмтылдырады, бұл
ұмтылыс медициналық ұжым үшін де, пациенттер үшін де маңызды болып табылады. Олар да, көшбасшылық жүйемен қарапайым келісу ауқымынан шығуға және мақсатқа жетуге көмектеседі.

- Бірқатар авторлар көшбасшы мен басшы ұғымдарын ажыратады. Кейбір зерттеушілердің (Herscy C Blanchard, 19888) пікірінше, бұл ұғымдардың арасындағы айырмашылық бір жағдайда ықпал етуге (көшбасшылық), ал келесі жағдайда ұйымдастырушылық мақсаттарына жетуге (басшылық)екпін түсіруден көрінеді. Басқа авторлар айырмашылық бір жағдайда шырғалаң жұмыс (басшылық), екінші жағдайда жаңашылдық (көшбасшылық) басым болады деп есептейді немесе «қажетті жұмысты қажетті түрде орындаумен» қарама - қайшы (Bennis L Nanus, 1985).

# ДӘРІГЕРДІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ НЕДЕН КӨРІНУІ КЕРЕК?

- Мінез ұстанымының пікірлеріне сәйкес тиімді көшбасшыларға,адамдардағы сияқты, оларды басқаларға ұқсатпантын қасиеттер тән. Саяси процестің жетекшілерін зерттеу барысында В. Т. Крысько (2004)медициналық сферада да қолдануға болатын бірқатар психологиялық
ерекшеліктерді атап өтті.

- 1. Мақсатқа және адамдарға бағытталу іскерлігі. Дәрігер мамандығының
адамға бағытталғандығын ескере отырып, басшы қызметтегі дәрігерден
келесі стратегияларды күтуге болады:
а) мекеменің еңбек көрсеткіштеріне нұқсан келсе де, гуманистік бағытты
сақтау;
б) қызметкерлердің еңбек көрсеткіштеріне баса назар аударып, гуманистік бағыттан бас тарту;
в) екі бағытта да қоса сақтауға тырысу.

- Егер іс-әрекет мақсатты сақтауға бағытталған болса, онда қызметкерлердің еңбек көрсеткіштеріне әсер етуі, егер іс-әрекет адамдарға бағытталса, онда қол астындағылардың жұмысқа деген қанағаттануына бағытталады. Ең тиімдісі мінез-құлықты көрсеткіштің маңыздылығына, мақсаттың қанағаттандырылуына байланысты өзгеріп тұру болып табылады.

- 2. Белсенділік және бірізді іс-әрекет.

Аталған белгілер әлеуметтік табандылық, шыдамдылық, батылдық,
сияқты сипаттардың негізі болып табылады.

3.
Өз келбетін және сыртқы мінез - құлқын қалыптастыру.
Дәрігер көшбасшы өз ұжымының мүшелеріне де, пациенттерге де бағытталуы керек. Ол адамдардың құндылықтарын, демографиялық және
әлеуметтік жағдайлардан туындаған әртүрлі талаптарын сезіп отыруы қажет.

4.
Адамдардың сенімін тудыра білу.
Аталған қасиет ең маңызды болып табылады. Ешқандай дәрігер, қандай
қызметте отырмасын, егер оған сенбесе адамдарға әсер ете алмайды. Егер
адам көшбасшы болып саналса, ол нақты әлеуметтік топтың мүддесін

- 5. Биліктің беделін қолдана білу.
  Дәрігердің беделділігінің маңызды критериі - көшбасшы тұлғаның үкімділігі емес, медициналық ұжымның жұмысын жолға қоя білу қабілеті.

- Оның өз әріптестірімен құзыреттілігін бөлісе біле, маңызды қабілет болып
  табылады.
  Дәрігер көшбасшының тағы да бір маңызды қасиеті оның маңызды
  6.
  Басқа адамдарды түсіне білу қабілеті.
  іскерлігі болып табылады. Бұл ерекшелік анық көрініс беретін эмпатияның
  тұрақты сипат ретінде болуын қажет етеді.

- 7. Жауапкершілікті өзіне алуға ұмтылу.

  Дәрігер - көшбасшының жауапкершілігінің негізінде мотивация жатады.

  Мотивтердің мәні әлеуметтік парыздың, маңыздылығына байланысты болады.

  8. Беделін көтеру қабілеттілігі.

  Ұжымда сынды дұрыс қабылдап, өз жетістіктеріне мастанбай,

  шындалған мінез көрсете білген көшбасшылар, нағыз шынайы беделге не болады.

- 9. Саяси ойлау. Дәрігер көшбасшының ойлауы оған әлеуметтік ұстанымынсомдауға, өз Мінез - құлқының формасы мен мазмұнын анықтауға көмектеседі. Саяси ойлаудың келесі белгілерін бөліп көрсетуге болады:
  саяси көріпкелдік (қабылданатын шешім мен жасалатын іс-әрекеттің алдағы болашағын көре білу); саяси ауқым (нақты жағдай, әрекетті кең
  саяси контексте қарастыру алу); икемділік (стандартты емес әлеуметтік
  жағдайларда саяси іс-әрекет бағытын анықтай білу); қоғам өміріндегі жағдайлар мен сфералар арасындағы байланысты білу.

# ҚАТАРДАҒЫ ДӘРІГЕР ОЙНАЙТЫН КӨШБАСШЫ РӨЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ?

- Коммуникация процесінің барысында көшбасшы рөлі дәрігерге әңгімелесу темпін анықтауға, әңгіме уақытын шектеуге, тақырыпты өзгертуге, сұрақ қоюға мүмкіндік береді. Бір жағынан, үндемей отыру сияқты іскерлік, интервьюді бақылап үйреніп қалған дәрігерлер үшін қиын болып табылады. Бірақ, бұл тәсіл уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді,өйткені пациенттің бір қатар проблемалары мен не күтетін анықтауға
мүмкіндік береді.

# КЛИНИКАЛЫҚ МЫСАЛ.

- Пациент: «Менің оң аяғым ауырады».
  Дәрігер: «Көріп тұрмын. Қалай ауыратындығы туралы айтып бере аласыз ба»?
  Пациент: «Ол тұрақты емес, біресе ауырады, біресе қояды».
  Дәрігер: «Нақтылап қай кездері тым қатты, қай
  дығын айта аласыз»?
  Пациент: «Мен айта алмаймын, бәрібір мені мазалайтын бұл нәрсе емес».
- Дәрігер: «Солай ма? Сіз өзіңіздің басты проблемаңыз туралы айта аласыз ба»?

# КӨШБАСШЫЛЫҚ ФЕНОМЕНДІ ЗЕРТТЕУДЕГІ ЫҚТИМАЛДА ҰСТАНЫМНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ?

- Бірінші танымал болған көшбасшылықтың ықтималды теориясын Фидлер жазған (Fiedler, 1967), ол көшбасшылар мен оларды күтіп тұрған сәттілік арасындағы байланысты анықтайтын схеманы ұсынған. Аталған модельге сәйкес көшбасшының тиімділігі үш көрсеткіштен тұрады. Олардың біріншісі -көшбасшының қажеттіліктерінің құрылымы, атап айтқанда міндетті орындауға немесе тұла аралық қажеттіліктерін қанағаттандыруға ұмтылады. Көш-басшының міндетке немесе адамдарға бағытталғандығы арнайы аспаптың көмегімен бағаланады - Least Preferred scale («Неғұрлым қалаулы қызметкер шкаласы», LPS). Екінші көрсеткіш көшбасшының жағдайды бақылай білу қабілеті немесе оның міндетінің орындалатындығына сенімділігі.

- Жағдайлық бақылау, әдетте, мына нәрселерге байланысты болады:
  1) көшбасшының топ мүшелерімен қарым-қатынасы (көшбасшыны қол астындағылар қаншалықты қолдайды);
  2) міндеттер құрылымы (жұмыстың анықтығы мен нақтылығы),
  3) көшбасшының құзыреттілігі (қандаралықта көшбасшы марапаттау немесе жазалай алуы).
  Жақсы қарым-қатынас пен нақты құрылымы бар мінеет және үлкен билік мүмкіншіліктері, көшбасшы үшін жағымды жағдай туғызады, ол жаман қарым-қатынас, әрі міндеттердің нақты құрылымданбауы мен биліктің жеткіліксіз болуы, біршама жағымсыз жағдай туғызады.

- Фидлердің ықтималдық теориясына қатысты сынның біреуі, оның өндірістік жағдайды тым қарапайым түрде қарастыратынына бағытталған. Үлкен қиыншылықтардың бірі LPS шкаласын тәжірибеде қолдануға байланысты. Көшбасшылыққа байланысты бір зерттеудің нәтижесі «LPS шкаласы нені бағалайтынын ешкім білмейтіндігін" анықтады (Yuke, 1994).

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1. Коммуникативтік дағдылар : оқулық / М. А. **Асимов**, С. А. Нұрмағамбетова, Ю. В. Игнатьев. - Алматы : Эверо, 2010ж